

## Азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 141 қаулысы. Ақтөбе облысы Алға аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 сәуірде № 3-3-125 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013 жылғы 22 ақпандадағы № 05-1/419 хатымен.

**Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 22.02.2013 № 05-1/419 хатымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 Қаулысын жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 20, 23 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТИ:**

1. "Алға ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру күні 18 жасқа толған және мерзімді әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ, сол сияқты шақырылуын кейінге қалдыру құқығын жоғалтқан ер азаматтарды 2011 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне әскери қызметке шақырылсын.

2. Аудандық шақыру комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін:

Кусмамбетов - Алға ауданы қорғаныс істері

Серік Жексенбаевич жөніндегі бөлім бастығы,

комиссия төрағасы

Досымов - Алға ауданы әкімі

Бауыржан Эбдіғалиұлы аппаратының ұйымдастыру-  
кадрлар және мемлекеттік-  
құқықтық жұмыстар бөлімінің  
маманы, зангер

Комиссия мүшелері:

Жақыпов - Алға аудандық ішкі істер

Бақыт Темирбайұлы бөлімі бастығының  
орынбасары

Рущук - Алға аудандық орталық

Ирина Ивановна ауруханасының терапевт  
дәрігері комиссиясының аға  
дәрігері

Бахитжанова - Алға аудандық орталық

Жамиля Бектурсиновна ауруханасының медбикесі,  
комиссия хатшысы

3. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу  
орындарының басшыларына ұсынылсын:

1) әскерге шақырылуышыларды іссапардан (еңбек демалысынан) шақырып алу,  
оларға хабарлауды ұйымдастыру және олардың шақыру участкесіне дер кезінде келуін  
қамтамасыз ету;

2) техникалық қызметшілердің қажетті санын бөлу.

4. селолық (ауылдық) округтер әкімдері "Алға ауданы қорғаныс істер жөніндегі  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша шақырылуышыларға шақыру  
участкесіне шақырылуы туралы хабарлауды және осы шақыру бойынша дер кезінде  
келуін қамтамасыз етсін.

5. Алға ауданы орталық ауруханасы (С.Тәженов келісім бойынша) "Алға ауданы  
қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағына бөлу ұсынылсын  
:

1). шақырылуышыларға медициналық қуәландыруды жүргізу үшін дәрігер-мамандар  
мен медбикелер және дәрігер-мамандардың резервтік құрамын;

2). 2011 жылғы 1 сәуірден 1 қазанға дейінгі аралықта "Алға ауданы қорғаныс істер  
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне диспансерлік есепте тұрған адамдардың  
тізімін, сол сияқты ауыратын шақырылуышылардың жеке карталарын (Ф. 025у)  
жеткізсін;

3). қажет болса "Алға ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің жолдамасы бойынша шақырылуышыларды қосымша медициналық  
тексеруден өткізу қамтамасыз етсін, ол үшін бекітіліп берілген  
емдеу-профилактикалық ұйымдарға төсек-орынның қажетті санын бөлсін;

4). шақыру кезінде стационарлық емделуде жатқан шақырылушылар туралы үш күннің ішінде "Алға ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне хабарласын.

6. Алға аудандық істер бөлімі (Н.Әрісбаев келісім бойынша)

1) шақырудың барлық кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін екі адамнан тұратын полиция нарядын бөлсін;

2) әскери міндетті орындаудан бас тартушы адамдарды іздестіру және ұстай жүргізсін;

3) жеті құндік мерзім ішінде "Алға ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне анықтама немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырылушылар туралы хабарласын;

7. "Алға аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Т.Төлегенов) шақыру бойынша шараларды орындауға байланысты шығындарды қаржыландыруға қаржы бөлсін.

8. Шақыруды жүргізу кезінде шақыру учаскесіне жұмыс істеуге жолданған шақыру комиссиясы мүшелерінің, медициналық, техникалық қызметкерлердің жұмыс орны, лауазымы, орташа жалақысы сақталсын.

9. "Алға ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Кусмамбетов С.) аудан әкіміне және Ақтөбе облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментіне 2011 жылдың 30 маусымы мен 30 желтоқсанында шақыру қорытындылары бойынша ақпарат беру тапсырылсын.

10. Алға ауданы әкімдігінің 2010 жылдың 26 сәуірдегі № 123 "Азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке шақыру туралы" қаулысы күші жойылсын деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-109 болып тіркелді, 2010 жыл 18 мамыр № 26 "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланды).

11. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Ағниязовқа және "Алға ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы С. Кусмамбетовке жүктелсін.

12. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алға ауданының әкімі

Қ. Сарсенғалиев